

20

18

МАЗМҰНЫ		
I	I МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БЕЙІНІ	
1	Директорлар кеңесі төрағасының кіріспе сөзі	6
2	Басқарма төрағасының кіріспе сөзі	7
3	Мемлекеттік корпорацияның құрылу тарихы	8
II	СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ	
4	Миссиясы мен пайымы	12
5	Мемлекеттік корпорацияның даму стратегиясы	12
6	Даму стратегиясын іске асыру нәтижелері	12
7	2018 жылғы негізгі оқиғалар мен жетістіктері	13
III	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ	
8	Мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру	18
9	Мемлекеттік қызметтерді көрсету	19
10	Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету бөлімдері (МХҚКО)	21
11	Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру (Электрондық қызметтер орталығы орталығы, Өзіне-өзі қызмет көрсету секторы («Connection point»))	22
12	Мобильді халыққа қызмет көрсету бөлімдері (Мобильді ХҚКО)	24
13	Ерекше қажеттіліктері бар адамдарға мемлекеттік қызмет көрсету	25
14	Халықтың мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қанағаттану деңгейі (Әлеуметтік сауалнама нәтижелері)	25
15	Пилоттық жобалар және іске асырылған электрондық сервистер	28
16	Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын құру	31
17	Мемлекеттік тапсырма бойынша жер-кадастрлық жұмыстарын орындау	32
18	Жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу	34
19	Әлеуметтік салада мемлекеттік қызмет көрсету	35
20	Ақпараттық қауіпсіздік	40
21	Ақпараттық-имидждік жұмыс	42
IV	ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	
22	Есептік жылғы қаржылық және операциялық қызметтік нәтижелері	47
V	КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	
23	Мемлекеттік корпорацияның жалғыз акционері	50
24	Мемлекеттік корпорацияның Директорлар кеңесі	52
25	Атқарушы орган – Мемлекеттік корпорацияның басқармасы	55
26	Негізгі корпоративтік оқиғалар	55
27	Ішкі аудит	56
VI	ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ	
28	Тәуекелдерді басқарудың негізгі компоненттері	60
29	Тәуекелдерді басқару саясатын орындау	61
VII	ТҰРАҚТЫ ДАМУЕ	
30	Тұрақты даму: мақсаттар мен жоспарлар	64
31	Сапа менеджменті жүйесін іске асыру	65
32	HR-менеджментін іске асыру	66
	Қосымша: Бухгалтерлік баланс, Пайда мен шығындар туралы есеп, Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, Меншік капиталындағы өзгерістер туралы есеп	75



**МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯНЫҢ
БЕЙІНІ**



I МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БЕЙІНІ



1. «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕ АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ АСҚАР ҚУАНЫШҰЛЫ ЖҰМАҒАЛИЕВТИҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Құрметті достар!

Заманауи үкіметтің табыстылығының негізгі көрсеткіштерінің бірі оның жеделдігі, кедергісіз болуы, артық қағазды талап етпеуі және халыққа қызмет көрсетудің ашықтығы болып табылады. Қазақстанда бұл мәселеде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына үлкен рөл бөлінген, ол азаматтарға мемлекеттік органдармен өзара әрекет ету процесін барынша жеңілдету үшін құрылған.

Бүгінде Корпорация мемлекеттен қызмет көрсету саласындағы бірыңғай провайдер болып табылады. Қазақстандықтар оның филиалдарынан барлық мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 83% бір терезе қағидаты бойынша ала алады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Азаматтарға арналған үкімет қызметкерлері азаматтарға 32 миллионнан астам мемлекеттік қызметтер көрсеткен.

Сонымен қатар Корпорация «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасын іске асыру процесіне белсенді жұмылдырылып, бірқатар бағыттар бойынша үлкен жұмысты жүзеге асырады.

Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік органдардың көрсетілетін қызметтерін автоматтандыру және оңтайландыру процесіне жұмылдырылып, оларға талдау жүргізеді және тиісті ведомствоаралық комиссиялар үшін ұсыныстар әзірлейді. Әдетте, бұл жұмыс «кадр сыртында» қалады дейміз, алайда олардың мемлекеттік органдардың көрсетілетін қызметтеріндегі бизнес-процестерді өзгерту, қажетсіз құжаттарды қысқарту, бірнеше көрсетілетін қызметтер үшін бір өтініш қағидаттарын енгізу жөніндегі бастамалары іске асырылып, азаматтардың өмірін едәуір жеңілдетті.

Сонымен бірге Мемлекеттік корпорация заманауи трендтерді ескере отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін жаңа бизнес-модельдерді іздестіруде. Атап айтқанда, олар бастамашылық еткен проактивтік қызмет көрсету форматы халық пен мемлекеттік органдардың оң пікіріне ие болды. Ал Телеграмдағы EgovKzBot электрондық анықтамаларды жылдам алу мәселесінде ХҚКО мен «Электрондық үкімет» порталына елеулі балама болды. Бүгінде 400 мыңға жуық қазақстандықтың өзінің «Қалтадағы ХҚКО» бар.

Мемлекеттік корпорация қазақстандықтарды көрсетілетін қызметтерді өз бетінше электрондық форматта алуға үйрете отырып, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруда да маңызды рөл атқарады. Бұл үшін әрбір ХҚКО-да «Connection Point» өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары құрылған. Соның нәтижесінде офлайн режимінде көрсетілетін қызметтер саны қысқарады, ол ХҚКО-да «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік органдардың жаңа көрсетілетін қызметтерін іске қосуға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорацияның жұмысы дұрыс бағытта деп сеніммен айта аламын.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді электрондық форматқа көшіру, жаңа технологиялар мен сервистерді енгізу, қазақстандықтарды оқыту, өзіне-өзі қызмет көрсету деңгейін арттыру бойынша жүргізіліп жатқан барлық жұмыстар мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын түбегейлі өзгертіп, мемлекет пен азамат арасындағы қашықтықты қысқартады.

I МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БЕЙНІ



2. «АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕ АҚ БАСҚАРМА ТӨРАЙЫМЫ ӘСЕМГҮЛ СЕРІКҚЫЗЫ БАЛТАШЕВАНЫҢ КІРІСПЕ СӨЗІ

Қымбатты достар!

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы «бір терезе» қағидаты бойынша жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету саласында жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыратын бірыңғай провайдер болып табылады.

Биыл біз аудиттен жақсы көрсеткішпен өтіп, халықаралық сапа сертификатын алдық. Ұлт жоспарындағы 100-қадамда мемлекеттік қызметті сапа менеджменті ISO 9000 сериясына сәйкес халықаралық сертификаттаудан өту міндеті қойылған болатын. Бүгінде біз осы 100 – қадамды толық орындадық деп сеніммен айта аламыз. Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметтерді көрсететін бірыңғай провайдер ретінде мемлекеттік қызметтер тізіліміндегі 752 қызметтің 621-ін, яғни 83 пайызын көрсетеді.

Күн сайын біз қазақстандықтардың мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді барынша оңай әрі жылдам алуы үшін оларды оңтайландыру және автоматтандыру бойынша үлкен жұмыс жүргізіп жатырмыз. Үш жыл ішінде бірнеше мемлекеттік қызметтер оңтайландырылып, проактивтік және композиттік қызмет көрсету түрлерін енгіздік, сондай-ақ осы қызметтерді әрі қарай қолжетімді ете түсу мақсатында бірқатар пилоттық жобаларды іске қостық.

Бүгінде Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтер аясы айтарлықтай кеңейе түсуде. Өткен жылы бізге аумақтық әділет органдарының жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу жөніндегі функциялары берілді, бірнеше аймақта көші-қон желісі бойынша қызмет көрсететін көші-қон ХҚКО ашылды.

Алдағы жоспарымызда «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу бойынша үлкен міндет тұр. Ол 2020 жылдың желтоқсан айында іске қосылуы тиіс.

Бұдан басқа, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша белсенді жұмысты жалғастырамыз. Қазірдің өзінде барлық облыс орталықтары мен Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларында цифрлық халыққа қызмет көрсету орталықтары табысты жұмыс істеп тұр. Ондағы арнайы жабдықталған сыныптарда бүгінгі күнге дейін бес мыңнан астам азамат электрондық үкімет порталын пайдалану дағдыларын арттырды. Сондай-ақ мамандар мемлекеттік және жеке мекемелерге, әскери бөлімдерге, банктерге, медицина ұйымдарына және т.б. барып, 40 мыңға жуық адамды оқытты.

Жалпы цифрлық сауаттылық жолында Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистері де назардан тыс қалған жоқ. Қазіргі таңда 328 фронт-офистің 176-сы 60/40 қағидаты бойынша трансформациядан өтті. Яғни қызметтің 60% «Connection Point» өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы арқылы көрсетілсе, 40% операциялық залда жүргізіледі.

Халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру мақсатында мектептің оқу бағдарламасына электрондық үкімет порталын пайдалану бойынша қосымша сабақ енгізу туралы бастамамызды ҚР Білім және ғылым министрлігі қолдады.

Енді жаңа оқу жылынан бастап «Информатика» пәнінің бағдарламасына «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба» және «Электрондық үкімет порталы» бөлімдері енгізілетін болады.

Бұл есепте Сіз 2018 жылы Мемлекеттік корпорациямыздың қандай нәтижелерге қол жеткізгенін біліп, алдағы жылға арналған жоспарларымен таныса аласыз.

I МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ БЕЙІНІ

3. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ

01

2015 жылғы 17 қарашада «Кейбір заңнамалық актілерге мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының №408-V Заңы қабылданды, оған сәйкес Қазақстан Республикасының бірқатар заңнамалық актілеріне, оның ішінде «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жеке және (немесе) заңды тұлғаларға «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметті жүзеге асыру, жылжымалы мүлік кепілін тіркеу және мемлекеттік қызметтер көрсету, ғимараттарды, құрылыстарды және (немесе) олардың құрамдастарын техникалық тексеру, мемлекеттік жер кадастрын жүргізу, зейнетақымен және әлеуметтік қамтамасыз ету бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» ҚР Заңына сәйкес ҚР Үкіметі 4 кәсіпорынды: ҚР ИДМ Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінің «Халыққа қызмет көрсету орталығы», ҚР ӘМ «Жылжымайтын мүлік орталығы», ҚР ҰЭМ «Жер кадастры ғылыми-өндірістік орталығы» және ҚР ДСӘДМ «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы» біріктіру жолымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғам құру туралы» 2016 жылғы 29 қаңтардағы №39 қаулыны қабылдады.

02

03

2016 жылғы 7 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы қаулысы негізінде аталған мемлекеттік кәсіпорындарды қайта ұйымдастыру жолымен «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік Мемлекеттік корпорацияны құрылды, заңнамада белгіленген тәртіппен Астана қаласының Әділет департаментінде тіркелген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің уәкілетті тұлғасының 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 01 бұйрығымен ел өңірлерінде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік Мемлекеттік корпорацияның 70 филиалы мен 1 өкілдігі құрылды.

04

05

2016 жылғы 29 сәуірде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің бірінші отырысы өтті, онда ішкі құжаттарын бекітумен қатар Басқарма құрамы сайланды.

2017 жылғы 12 сәуірдегі Директорлар кеңесінің шешімімен «Азаматтарға арналған үкіметтің» ұйымдық құрылымына өзгерістер енгізілді. Мемлекеттік корпорацияның Басқарма аппаратына Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру дирекциясы, Мемлекеттік қызмет көрсету дирекциясы, сондай-ақ «Әлеуметтік төлемдердің ведомствоаралық есеп айырысу орталығы» дирекциясы кірді.

06



**МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯНЫҢ
ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ**



II МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

4. МИССИЯСЫ МЕН ПАЙИМЫ

Миссия – мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді белсенді ұсыну қағидатын енгізу, оларды технологиялық шешімдерді пайдалана және жоғары сервис деңгейін қамтамасыз ете отырып, ыңғайлы заманауи арналар арқылы бірыңғай провайдермен көрсету



Пайым – Мемлекеттік корпорация – белсенді, клиентке бағдарланған және инновациялық тәсілдер қолданыла отырып, қызмет алушылардың сұранымдарына жауап беретін сервистер мен қызметтерді алудың бірыңғай алаңы

5. МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

2018 жылғы 6 сәуірде Директорлар кеңесі Мемлекеттік корпорацияның 2018 – 2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекітті:

1) Мемлекеттік корпорацияны мемлекеттік қызметтердің бірыңғай провайдері ретінде дамыту (сапа менеджменті жүйесін (СМЖ) енгізу, толық циклмен қызмет көрсету (фронт+бэк-офис), МХҚКО ашу (Атырау, Орал).

2) Азаматтар мен бизнеске қызмет көрсетудің цифрлық форматына көшу (қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру (BAK), белсенді қызмет көрсетуге көшу, цифрлық ХҚКО ашу (фронт-офистерді трансформациялау), бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын (БМЖК) құру.

3) Мемлекеттік корпорацияның адами капиталын дамыту (HR-функциялардың тиімділігін арттыру, SMART жүйесі бойынша қызметті бағалауды енгізу, қызметкерлердің біліктілігін арттыру).

6. ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ

№П/П	КӨРСЕТКІШТІҢ АТАУЫ	2018 ЖОСПАР	2018 ФАКТ
1	Мемлекеттік корпорациямен көрсетілген қызмет сапасына халықтың қанағаттану деңгейі, %	85,5	85,7
2	Коммерциялық қызметтен түсетін табыстың жыл сайынғы ұлғаюы (өткен жылғы фактімен салыстырғанда), %	+1	+1,48
3	Цифрлық ХҚКО ашу (фронт-кеңселерді трансформациялау), дана	15	16
4	Жұмыскерлерді материалдық, материалдық емес ынталандыруды енгізу жолымен кадрлардың ауысу үлесі (қызметкерлердің жалпы санының пайызы), %	13	11,6
5	Кәсіптік және жеке-іскерлік құзыреттерін дамыту арқылы біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлердің үлесі, %	15	15

II МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

7. 2018 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАР МЕН ЖЕТИСТІКТЕР

ҚАҢТАР

Нұр-Сұлтан қаласында алғашқы Көші-қон ХҚКО (Көші-қон қызметі орталығы) ашылды;
Нұр-Сұлтан қаласында алғашқы Цифрлық ХҚКО ашылды;

АҚПАН

Шымкент қаласында Цифрлық қызметтер орталығы ашылды;

НАУРЫЗ


Шымкент қаласында Мамандандырылған ХҚКО ашылды;

СӘУІР

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы»
КЕ АҚ 2018-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын
Директорлар кеңесі 6 сәуірде бекітті;

МАМЫР

Мемлекеттік корпорацияның Әлеуметтік және зейнетақымен
қамсыздандыру қызметін үйлестіру жөніндегі
орталық филиалы құрылды;
Өңірлерде «ХҚКО», «ӘТВЕО», «ЖерҒӨО» департаменттерінің облыстар,
Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары бойынша филиалдарын біріктіру
арқылы бірыңғай филиал құрылды; 2019
Орал қаласында Мамандандырылған ХҚКО ашылды;



II МЕМЛЕКЕТТІК КОРПОРАЦИЯНЫҢ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

МАУСЫМ

«Электрондық үкімет» порталында көлік құралдарын электрондық тіркеу сервисі іске асырылды;
Шымкент қаласында Көші-қон ХҚКО (көші-қон қызметі орталығы) ашылды;

ШІЛДЕ

Мемлекеттік корпорацияға жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу функциялары берілді
1 шілдеден бастап базалық зейнетақы төлемін тағайындау әдістемесі өзгертілді;
«Бала кезінен 1 топтағы кәмелетке толған мүгедектерді күту» қызметі іске қосылды;

ҚЫРКҮЙЕК


Краудсорсинг жобасын іске қосу;

ҚАЗАН

Зейнетақы, ЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін композиттік көрсету және мемлекеттік кепілдіктерді белсенді көрсету іске асырылды;

ЖЕЛТОҚСАН

13 Цифрлық қызмет орталығы ашылды (цифрлық ХҚКО);
Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында биометрикалық параметрлер көмегімен Мемлекеттік қызмет көрсету пилоттық жобасы іске қосылды;
Атырау қаласында Мамандандырылған ХҚКО ашылды;
ISO 9001: 2015 халықаралық стандартының талаптарына сәйкестігіне сапа менеджменті жүйесінің сертификаттық аудиті өткізілді.





**ОПЕРАЦИЯЛЫҚ
ҚЫЗМЕТ
НӘТИЖЕЛЕРІ**



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

8. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АВТОМАТТАНДЫРУ

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мақсатында Мемлекеттік корпорация Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Асқар Қуанышұлы Жұмағалиевтің төрағалығымен құрылған Ведомствоаралық комиссияның жұмысына белсенді қатысады.

Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматқа ауыстыру, мерзімдерін, құжаттар тізбесін қысқарту, композиттік немесе проактивтік нысанда қызметтер көрсету мүмкіндігі, сондай-ақ артық рәсімдер мен келісулерді алып тастау бөлігінде оңтайландыру бойынша ұсыныстарды талдау және әзірлеу ВАК-тың міндеттері болып табылады.

Жалпы ВАК жұмысының барлық кезеңінде 51 отырыс өткізілді (2018 жылы 33 өткізілді). ВАК өткізілген отырыстарының нәтижелері бойынша мемлекеттік қызметтер тізілімі қаралды, оның ішінде 726 қызмет бойынша оңтайландыру қолданды:

- 586 қызмет бойынша мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру бойынша жол карталарды әзірлеу тапсырылды (бекітілді-519, келісуде-67);

- 114 қызмет бойынша мемлекеттік қызметтер тізілімінен шығару туралы шешім қабылданды;

- 42 қызметтер оңтайландыруға және автоматтандыруға жатпайтын ретінде белгіленді;

- 26 қызметтер жол карталарын бекітпей оңтайландырылады;

- 17 проактивтік қызметтер (27 қызмет құрамында);

- 21 композиттік қызмет (55 қызмет құрамында).

Мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мысалдарының бірі ҚР ИІМ-мен бірлесіп, МХҚКО бармай «электрондық үкімет» порталында онлайн режимінде көлікті қайта тіркеу мүмкіндігін іске асыру болды. Бұдан басқа, ҚР ИІМ автокөлікті есептен шығару немесе қайта есепке қою кезінде автокөлікті қайта тіркеу кезінде салыстырып-тексеру күшін жойды. Салыстырып тексеру алғаш рет тіркелетін машиналар үшін ғана сақталды.

Жүргізуші куәлігін қолдану мерзімі аяқталғанға дейін ауыстыру кезінде медициналық комиссиядан өту алынып тасталды, ал ЭЦҚ болған жағдайда жүргізуші куәлігін ЭҮП арқылы онлайн ауыстыруға болады.

2017 жылғы 29 желтоқсаннан бастап бала туу бойынша проактивтік қызмет іске қосылды, ол баланың тууын тіркеу, оны балабақшаға кезекке қою және бала туу бойынша жәрдемақылар тағайындауды біріктірді.

Проактивтік мемлекеттік қызмет – белгілі бір өмірлік жағдай туындаған кезде ақпараттық жүйелердегі мәліметтер негізінде азаматтарға, олардың өтінішінсіз мемлекетпен көрсетілетін қызмет.

Баланың тууы бойынша проактивтік қызметті енгізумен, жаңадан балалы болған ата-аналарда ұялы телефон және мобильді азаматтар базасында тіркелген өзекті абоненттік нөмірі болуы қажет. Мемлекеттің азаматпен қарым-қатынасы әдеттегі СМС-хабарлама функциясы арқылы жүзеге асырылады. Бұл ретте, СМС-хабарламалармен алмасу азаматтардың Халыққа қызмет көрсету орталықтарына немесе мемлекеттік органдарға баруын жояды. Төрт мемлекеттік қызметті кешенді түрде, кез келген жерде және кез келген уақытта алуға болады. Бұл проактивтік қызмет мүлдем тегін болып табылады, қызмет алушылардан мемлекеттік баж немесе СМС-хабарлама үшін қосымша төлем алынбайды. СМС-хабарламалардан басқа, осы проактивтік қызмет Telegram қосымшасында EgovKzBot арқылы іске асырылды, бұл оны алу рәсімін одан әрі жеңілдетеді.

«Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру» және «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау» әлеуметтік салада екі мемлекеттік қызмет композитке біріктірілді. Бұрын бұл екі қызмет жеке көрсетілді, бұл бір құжатты қайта ұсынуды талап етті. Енді ВАК ұсынысы бойынша қайталау алынып тасталды.

Денсаулық сақтау саласында психо-, нарко- және туберкулезге қарсы диспансерлерде есепте тұру/тұрмау жағдайы туралы анықтама алу ЭҮП және Telegram мобильдік қосымшасы арқылы қолжетімді болды.

Бұдан әрі басқа да мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді оңтайландыру жоспарлануда, мысалы, еңбекке жарамсыздық парақтарын электрондық форматта және т.б. беру.

Мемлекеттік корпорация мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша 147 нормативтік-құқықтық актілердің жобасын (оның ішінде стандарттар, регламенттер, ережелер) қарастырып, ұсыныстар енгізді. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

корпорациясының сайтында 79 мемлекеттік көрсетілетін қызметтері бойынша төлқұжатын өзектендіру жұмыс жүргізілді.

9. МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ

Үш жыл ішінде Мемлекеттік корпорация 105 млн. астам мемлекеттік қызмет көрсетті. Халыққа қызмет көрсету облыстардағы, Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларындағы Мемлекеттік корпорацияның 328 фронт-офисінде көрсетіледі.

Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны жыл сайын артып келеді. Сонымен, егер 2012 жылы Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚКО) арқылы мемлекеттік қызметтердің 113 түрі ғана көрсетілсе, бүгінгі күні бұл сан 621 дейін немесе 5,5 есеге өсті.

2018 жылы Мемлекеттік корпорация барлығы 31,8 млн. (31 836 727) қызмет көрсетті, 2017 жылы – 38,1 млн. (38 219 972) қызмет.

Жалпы, 2012 жылмен салыстырғанда Мемлекеттік корпорация көрсеткен қызметтердің саны 181% өсті.

2013 жылдан бастап барлық фронт-офистерде өзіне-өзі қызмет көрсету секторларының жұмысы ұйымдастырылған, олар арқылы ел тұрғындары үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны пайдалану дағдыларын және электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді өз бетінше алу мүмкіндігі ұсынылған.

Мемлекеттік корпорация есепті жылы 16 млн. астам (16 045 320) электрондық қызмет көрсетті, оның ішінде қолжетімділік пункттері арқылы (ҚҚП) – 7,5 млн. (7 545 691). 2017 жылы 28,4 млн. (28 454 313) астам электрондық мемлекеттік қызмет көрсетілді, ҚҚП – 11,7 млн. (11 717 151). 2017 жылмен салыстырғанда мемлекеттік, оның ішінде электрондық қызметтер санының азаюы Telegram-бот, «Электрондық үкімет» порталының мобильді нұсқасы, бір реттік пароль арқылы алу мүмкіндігі сияқты мемлекеттік қызметтерді алудың қосымша көздерін енгізумен, сондай-ақ «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын және «Анықтамасыз қызметтер» іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша жүргізіліп жатқан белсенді жұмыспен байланысты.

Электрондық үкіметтің төлем шлюзі арқылы 2018 жылы 1,4 млрд. теңгеден астам сомаға мемлекеттік баж және айыппұл төлеу жүргізілді (2017 жылы – 1,3 млрд. теңге).

2018 жылы- 6 014 860 ЭЦҚ берілді (2017 жылы 2 604 847 ЭЦҚ).

- «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына сәйкес Мемлекеттік корпорация 20 мемлекеттік қызмет түрі бойынша (жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру желісі бойынша 12 қызмет, жер кадастры желісі бойынша 8 қызмет) қызмет беруші болып табылады.



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

№		КӨРСЕТИЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР САНЫ					
		2017 ж.	оның ішінде:		2018 ж.	оның ішінде:	
			дәстүрлі	электрондық		дәстүрлі	электрондық
1	Жылжымайтын мүлікті техникалық тексеру желісі бойынша	330 824	328 704	2 120	966 078	960 436	5 642
2	Жер кадастры желісі бойынша	447 060	401 172	45 888	508 882	458 310	50 572
3	Фронт-офистер арқылы электрондық анықтамалар берілді (2018 жылғы қарашадан бастап мониторинг жүргізіледі)				378 299		378 299
	Барлығы:	777 884	729 876	48 008	1 853 259	1 418 746	434 513

2017 жылы көрсетілген қызметтердің жалпы санынан дәстүрлі тәсілмен – 93,8%, электрондық тәсілмен – 6,2%, ал 2018 жылы дәстүрлі тәсілмен – 76,6%, электрондық тәсілмен – 23,4% көрсетілген.

Өткен жылмен салыстырғанда есепті кезеңде көрсетілген қызметтер саны 1 075 375 бірлікке немесе 138% артты, оның ішінде электрондық тәсілмен көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 44 333 бірлікке немесе 89% өсті.

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу – 15 331 (2017 жылы – 14 183), 1148 мемлекеттік қызметтерге немесе 7,4% өсті;

Міндетті мемлекеттік тіркеуге жатпайтын жылжымалы мүлік кепілін тіркеу саласында ақпараттық қызмет көрсету – 1 028 (2017 жылы – 871) 157 мемлекеттік қызметке немесе 15% өсті. 2018 жылдың қорытындысы бойынша, көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік корпорация болып табылатын:

- Жылжымайтын мүлікке құқықтарды (ауыртпалықтарды) мемлекеттік тіркеу – 596 661 қызмет;

- Құқықтық кадастрға ғимараттардың, құрылыстардың және (немесе) олардың құрамдастарының жаңа құрылған жылжымайтын мүлікке сәйкестендіру және техникалық мәліметтерін енгізу, жылжымайтын мүлік объектілерінің техникалық паспортын және жаңадан құрылған жылжымайтын мүлік объектісіне жүргізілген мемлекеттік техникалық тексеру қорытындысы бойынша сәйкестендіру және техникалық барлаулардың алшақтығын белгілеу туралы қорытындыны беру-304 641 қызмет;

- Жер учаскесіне жеке меншік құқығына актілерді дайындау және беру – 235 117 қызмет.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

10. МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМДЕРІ (МХҚКО)

Мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығы – халыққа жүргізуші куәліктерін беру және бір терезе қағидаты бойынша автокөлік құралдарын тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған мекеме. Алғашқы МХҚКО 2012 жылғы желтоқсанда Қарағанды қаласында пилоттық режимде ашылды. Жобаның табысты іске асырылуының нәтижесінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев бұл тәжірибені бүкіл ел көлемінде таратуды тапсырды.

Бүгінгі күні МХҚКО – жүргізуші куәлігін алу және көлік құралдарын тіркеу құқығына емтихан тапсыру бойынша жаңа технологиялармен жабдықталған және Қазақстан Республикасында баламасы жоқ жоғары технологиялық кешен.

Практикалық емтихандарды қабылдау емтихан өтудің барлық процесін тіркейтін және адам факторын болдырмауға мүмкіндік беретін датчиктермен жабдықталған автоматтандырылған автодромда жүзеге асырылады. Барлық процестер оңтайландырылған және 2 сағаттан аспайтын уақыт алады.

МХҚКО аумағында ыңғайлы болу үшін ҚР ИІМ тіркеу-емтихан бөлімдерінің және медициналық мекемелердің бөлімдері орналасқан.

Республика бойынша әр өңірде ашылған 16 мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтары және 6 мамандандырылған ХҚКО секторы жұмыс істейді. Есепті жылы Атырау және Орал қалаларында 2 арнайы ХҚКО және Алматы қаласында 2 сектор ашылды.

2017 жылы 1 778 162 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның ішінде: СӨЖ – 1 415 366, жүргізуші куәлігін беру – 362 796. 1,6 млрд. теңгеден астам сомаға 4 539 ГРН жоғары сұраныс іске асырылды.

2018 жылы МХҚКО 2 511 686 мемлекеттік қызметтер көрсетілді, оның ішінде СӨЖ – 1 948 288, жүргізуші куәлігін беру – 563 398. 3,5 млрд. теңгеден астам сомаға 14 909 ГРН жоғары сұраныс іске асырылды.

Мемлекеттік қызметтерді ұсыну процесін жетілдіру мақсатында 2018 жылғы 29 маусымнан бастап электрондық үкімет порталында дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушының талап ету орнына жеткізу мүмкіндігі бар көлік құралдарын тіркеу бойынша сервис іске асырылды (2018 жылы 5 мыңға жуық көлік құралы тіркелді).

Көлік құралын СЦОН-ға ақылы негізде ресімдеу кезінде симметриялық цифрлық және/немесе әріптік белгінің МТНБ таңдау мүмкіндігі іске асырылды. Азаматтар қажетті цифрлық және/немесе әріптік белгілерге МТНБ-ға алдын ала өтінімді толтырып, оларды дайындағаны үшін мемлекеттік бажды төлей отырып тапсырыс бере алады. Дайындалған МТНБ беру үшін МХҚКО-ға жіберіледі.

Электрондық үкімет порталында қызмет көрсету процесін жетілдіру мақсатында:

- мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерін бергені үшін баж мөлшерін төмендету;
- көлік құралдарын композиттік тәртіппен тіркеу және/немесе қайта тіркеу кезінде автокөлік иелерінің азаматтық құқықтық жауапкершілігін электрондық сақтандыруды енгізу;
- көлік құралдарын тіркеу жөніндегі мемлекеттік қызметтің кіші түрлерін одан әрі ұлғайту;
- жүргізуші куәліктерін алу кезінде электрондық хабарлама беру жөніндегі талаптарды алып тастау;
- сондай-ақ электрондық үкімет порталында жүргізуші куәліктерін беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін қысқарту мәселелері қарастырылуда.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ



11. ХАЛЫҚТЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру аясында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске қосылды. Бұл бағдарламаның бір бағыты-креативті Мемлекеттік корпорацияны дамыту. Бұл цифрлық экономика үшін құзыреттілік пен дағдыларды дамыту, халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру жұмыстарын жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік бағдарламаның 88-тармағын орындау үшін Мемлекеттік корпорация «Ұлттық ақпараттық технологиялар», «Қазпошта», «Зерде» ұлттық инфокоммуникациялық холдингі» акционерлік Мемлекеттік корпорацияларымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2018 жылғы маусым мен тамыз аралығында цифрлық сауаттылықты арттыру бойынша 500 мың халықты оқыту жоспарланды.

2018 жылғы сәуір айынан мамыр айына дейін оқыту үшін жауапты Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері «Электрондық үкімет және электрондық мемлекеттік қызметтер» мемлекеттік корпорациясының оқыту бағдарламасының материалдары бойынша аумақтық жергілікті атқарушы органдардың 3500-ден астам тренері оқытылды.

2018 жылғы жазғы кезеңінде ЖАО жаттықтырушылары мемлекеттік бағдарлама аясында 686 189 халықты оқытты. Халықты оқыту бойынша іс-шаралар филиалдар бар қалалар мен аудандарда, шалғайдағы ауылдық жерлерде дербес немесе оқыту бағдарламасының материалдары бойынша түсірілген бейне-сабақ арқылы жауапты қызметкерлердің сүйемелдеуімен өткізілді.

Әрбір фронт-офис «Connection Point» өзіне-өзі қызмет көрсету секторымен жабдықталған, интернетке және ЭҰП қатынаумен 2 мыңнан астам жұмыс орны ұйымдастырылған. Азаматтар электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға өтініш бере алады, сондай-ақ 700-ден астам электрондық қызметтер мен сервистерді ала алады. 2018 жылдың қорытындысы бойынша Мемлекеттік корпорация қызметкерлері 8 млн. астам адамды электрондық үкімет порталын пайдалану дағдыларына үйретіп, кеңес берді.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ



ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР ОРТАЛЫҒЫ

2018 жылы барлық облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда электрондық қызмет көрсету орталықтары іске қосылды. Мұндай ЭҚО-ның ерекшелігі сағаттық кестеге сәйкес тақырыптық сабақтары бар халықты оқыту сыныптарының болуы болып табылады. 2018 жылғы 12 айда 5 мыңнан астам адам оқытылды.

Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бойынша, сондай-ақ egov порталымен адамдар көп жиналатын жерлерде (сауда орталықтарында, вокзалдарда, әуежайларда, соттарда және т.б.) пайдалану бойынша кең ауқымды акциялар өткізіледі.

2018 жылдың басынан бастап мемлекеттік және өзге де мекемелерде (ЖОО, колледж және т.б.) жергілікті атқарушы органдармен келісілген желілік кестеге сәйкес көшпелі оқыту іс-шаралары өткізілді. Көшпелі іс-шаралар барысында 40 000-ға жуық адам оқытылды.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Зерде» ҰИХ» АҚ, «Қазпошта» АҚ және ЖАО бірлесіп 686 189 азамат оқытылды.

Өзіне-өзі қызмет көрсету секторларында 8 млн. астам адам ЭҰП пайдалану дағдыларына кеңес берілді және оқытылды. Цифрлық қызмет көрсету орталықтарында оқыту сыныптарында 5 мыңнан астам адам оқытылды.

«Электрондық үкімет» порталын танымал ету бойынша көшпелі акциялар шеңберінде 40 мыңнан астам азамат оқытылды.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ СЕКТОРЫ (CONNECTION POINT).

2013 жылдан бастап мемлекеттік қызметтерді дербес алу және электрондық үкімет порталы арқылы консультациялар алу үшін Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінде өзіне-өзі қызмет көрсету секторлары («Connection point») жұмыс істей бастады.

Өзіне – өзі қызмет көрсету секторы- бұл электрондық үкімет порталына қолжетімділігі бар мамандандырылған пункт, оның мақсаты көрсетілетін қызметті алушыларға электрондық мемлекеттік қызметтерді дербес алу, ҚР Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін алуға өтініш беру, сондай-ақ қызмет алушыларға egov порталында жұмыс істеу дағдыларына кеңес беру және үйрету. Аталған пункт жеке куәліктен ақпаратты оқуға арналған компьютерлермен, принтерлермен, картридждермен жабдықталған. Egov порталында электрондық-цифрлық қолтаңбасы бар пайдаланушылар 511 мемлекеттік қызметтерді жалпы кезекті күтпей-ақ ала алады.

2018 жылы өзіне – өзі қызмет көрсету секторы арқылы өз бетінше алынған мемлекеттік қызметтер саны: 12 129 328 құрайды, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 2 050 991 бірлікке артық (2017 жылы – 10 078 337).

Мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта ұсыну сервисін қамтамасыз ету мақсатында ХҚКО-да 340 Мемлекеттік корпорациялық қол жеткізу пункті (ҚҚП) жұмыс істейді. 2018 жылы 7 545 691 ақпараттық анықтама берілді, бұл 2017 жылмен салыстырғанда 4 171 460 бірлікке аз (2017 жылы – 11 717 151).

12. МОБИЛЬДІ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМДЕРІ (МОБИЛЬДІ ХҚКО)

Мемлекеттік қызметтерді шалғай ауылдық елді мекендерде алу мақсатында 2012 жылдан бастап Мобильді ХҚКО (МобильдіХҚКО) жұмыс істей бастады. Мобильді ХҚКО автомобильдері орнатылған қажетті арнайы жабдықтармен: GPS навигаторларымен, ноутбукпен, қол қоюға арналған планшетпен жабдықталған.

Республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларын қоспағанда, еліміздің 14 өңірінде 69 бірлік автокөлік жүріп-тұрады.

Тоқсан сайын мобильді ХҚКО шығу кестесі Мемлекеттік корпорацияның ресми интернет-ресурсында жарияланады. Мемлекеттік қызмет көрсету процесін бақылау мақсатында GPS-мониторинг арқылы онлайн режимінде Мобильді ХҚКО автомашиналарының жүріп-тұруына бақылау жүргізіледі.

Мобильді ХҚКО жұмысының регламенті шеңберінде 1 832 елді мекенге шығу жүзеге асырылады, олардың халқы – 1 318 615 адамды құрайды.

2018 жылы 8 832 шығу жүзеге асырылды және 338 238 қызмет көрсетілді (2017 жылы – 12 363 шығу, 546 319 қызмет көрсетілді).

Мемлекеттік қызметтерді алу кезінде Мобильді ХҚКО қызметкерлері мобильді азаматтар базасында шалғай ауылдық елді мекендердің тұрғындарын тіркеуді жүзеге асырады, сондай-ақ электрондық үкімет порталы арқылы азаматтардың мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі туралы оқытуды жүргізеді. 2018 жылы 171 520 адам оқытылды.



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

13. ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР АДАМДАРҒА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Мемлекеттік корпорация ерекше қажеттіліктері бар адамдарға мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге ерекше назар аударады.

2013 жылдан бастап «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ 1414 Бірыңғай байланыс орталығымен жасалған өзара іс-қимыл регламенті шеңберінде Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің қызметкерлері осы санаттағы адамдардың тұрғылықты жеріне баруын жүзеге асырады.

Организм функцияларының тіршілік әрекеті тұрақты шектеулі адамдарға (мүгедектер мен мүгедек балалар, ҰОС қатысушылары) бару жүзеге асырылады.

2018 жылғы маусымнан бастап мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін 72 сағаттан 56 сағатқа қысқарту бөлігінде өзгерістер енгізілді.

2018 жылы 29 335 шығу жүзеге асырылды және 37 397 мемлекеттік қызмет көрсетілді (2017 жылы – 35 332 шығу жүзеге асырылды және 47 940 Мемлекеттік қызмет көрсетілді).



14. ХАЛЫҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ (ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ)

2018 жылғы 4–тоқсанда Мемлекеттік корпорация (2018 жылғы 10 шілдедегі Мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес «Қазына-Арай» ЖШС) азаматтардың мемлекеттік қызметтерді көрсетуіне қанағаттанушылық деңгейін анықтауға әлеуметтік сауалнама жүргізді.

Әлеуметтік сауалнамаға Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистеріне Мемлекеттік қызмет көрсету үшін жүгінген 12 536 респондент қатысты.

Әлеуметтік сауалнама екі әдіспен жүргізілді:

- көрсетілетін қызметті алушыларға жаппай сауалнама жүргізу;
- «терең сұхбат».


Жаппай сауалнама бекітілген сауалнамалық параққа сәйкес сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылды, ауызша қарым-қатынас жасауға және интервьюерлермен сауалнамаларды жазбаша толтыруға негізделген социологиялық ақпарат алу әдісі болып табылады.

«Терең сұхбат» мемлекеттік қызмет көрсету сапасына және Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінің жұмысына қанағаттанушылық дәрежесі туралы ақпарат жинау үшін,

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

сондай-ақ мемлекеттік қызмет алу процесіне кедергі келтіретін және қиындататын проблемалық мәселелерді анықтау үшін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет алу процестерін жетілдіру үшін респонденттердің ұсыныстары мен тілектерін жинау үшін 18 мемлекеттік қызмет бойынша жүргізілді.

10 БАЛДЫҚ ШКАЛА БОЙЫНША ФИЛИАЛДАР КЕСІНІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК САУАЛНАМА НӘТИЖЕЛЕРІ:



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР САПАСЫН БАҒАЛАУДЫҢ НЕГІЗГІ ИНДИКАТОРЛАРЫНЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

1. Инфрақұрылымның ыңғайлылығын бағалау. Респонденттер келушілер үшін инфрақұрылымның ыңғайлылығын жоғары бағалады – бағалау 8,52-ден 8,69 балға дейін өзгереді (пандустардың болуы, электрондық кезек талонына клиенттің ЖСН болуы, шақыру батырмасының болуы, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін жағдайлардың болуы, электрондық кезектің болуы және жұмыс істеуі, жеке қызмет көрсету орындарының болуы, күту залында отыратын орындардың болуы, үй-жайдың санитарлық-гигиеналық жағдайлары, тұрақ-тұрақтың болуы);

2. Қызмет көрсетудің уақтылығы және жеделдігі. Сауалнамаға жауап берушілердің 81% жиынтығында Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерде қызметтер жедел немесе жедел түрде көрсетіледі деп санайды (күту уақыты мен ресімдеу уақыты);

3. Мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі. Сұралған респонденттердің көпшілігі мемлекеттік қызметтерді алу процесі туралы ақпаратты келесі көздерден біледі: бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша – 20,3 %, электрондық үкімет сайтында. egov.kz -40,1%, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының сайтында – 8,2%, басқа (ресми емес) көздерден – 14,3 %, жауаптан бас тарту – 0,3%, жауап беруге қиналамын – 16,8%.

4. Қызмет көрсету мәдениеті. Әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне сүйене отырып, Мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерде қызмет көрсетудің жоғары мәдениетін атап өтуге болады. Қызметкерлердің құзыреттілігі – 8,62, қызметкерлердің сыпайылығы және қайырымдылығы – 8,60, қызметкерлердің жеделдігі – 8,57.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері. 97,4% сұралған респонденттердің теріс сұрақ жауаптары туралы тура келді ма, өзі тап сыбайлас жемқорлыққа фронт-офистерде Мемлекеттік корпорация. 2,5% сұралған респонденттердің тап-бабына жағдайлар мен сыбайлас жемқорлық.

6. Шағымдану үдерісі. Сұралғандардың 91%-ы оларға мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жұмысына шағым мен шағым жасауға тура келмегенін атап өтті.

7. Электрондық түрде мемлекеттік қызметтерді алу, техникалық жабдықтау. «АЖ немесе ЭҮП арқылы электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын бағалаңыз.

8. Электрондық-цифрлық қолтаңбаның әлеуеті. Сауалнамаға жауап берушілердің 63,4%-ға жуығы қызметкерлерден электронды түрде пароль (ЭЦҚ-сыз) көмегімен кейбір мемлекеттік қызметтерді алудың жаңа мүмкіндігі туралы ақпарат алғанын атап өтті.


9. Мамандандырылған ХҚКО. Респонденттердің жауаптары мамандандырылған ХҚКО-ның жұмысы көбінесе автокөлік иелерінің қажеттіліктеріне жауап беретінін көрсетеді. Қанағаттанушылық көрсеткіштері 8,69-дан 8,78-ге дейін (86,9% – 87,8%) өзгерді.

Осылайша, соңғы жылдардың қорытындысы бойынша ХҚКО қызметімен азаматтардың қанағаттану деңгейі:

- 2015 жылы – 84%;
- 2016 жылы – 85,2%;
- 2017 жылы – 85,4%;
- 2018 жылы – 85,7%.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОСЫЛАЙША, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙынША ХҚКО ҚЫЗМЕТІМЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАНАҒАТТАНУ ДЕҢГЕЙІ




15. ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАР ЖӘНЕ ІСКЕ АСЫРЫЛҒАН ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСТЕР

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАР



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ПИЛОТТЫҚ ЖОБАЛАР



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ СЕРВИСТЕР

1

Бір реттік SMS-парольмен
ЭЦҚ-сыз қызметтерді алу
(52 қызмет түрі)

2

Үшінші тұлғаларға «Paper
free» анықтамалар беру
бойынша сервис

3

Мемлекеттік қызметтерді
бейне қоңырау
арқылы көрсету
(7 мыңнан астам қызмет
көрсетілді және
кеңес берілді)

4

Азаматтарды
биометриялық деректер
бойынша сәйкестендіру
(Базада 1,5 мыңнан астам
азамат тіркелген)

5

Telegramm-Bot
электрондық
қызметтерді алу
(75 мыңнан астам
қызмет көрсетілді)

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

16. БІРЫҢҒАЙ МЕМЛЕКЕТТІК ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК КАДАСТРЫН ҚҰРУ

Мемлекеттік корпорация «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрының ақпараттық жүйесі» мен Жылжымайтын мүлік тізілімі» мемлекеттік деректер базасы ақпараттық жүйелерді шоғырландыру арқылы «Бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастры» (бұдан әрі- БМЖК) бірыңғай ақпараттық жүйесін құрды.

БМЖК құрамына функционалдық кіші жүйелерге, жалпы жүйелік кіші жүйелерге және ақпараттық-анықтамалық кіші жүйелерге бөлінген 19 кіші жүйелер мен модульдер кіреді. Жоба 2018-2021 жылдар кезеңінде іске асырылады.

БМЖК кадастрлық тіркеу процестерін автоматтандыру, жылжымайтын мүлік объектілерін техникалық тіркеу және жылжымайтын мүлік нысандарының құқықтарын тіркеу, соның ішінде жылжымайтын мүлік кадастры саласындағы мемлекеттік қызметтерді электрондық форматта беруді қамтамасыз ететін аппараттық-бағдарламалық кешені болады. Нәтижесінде жер учаскелері мен ғимараттар мен құрылыстарға құқықтарды мемлекеттік тіркеу арқылы құқықтарды тіркеу мәселелері бойынша мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсартуға болады, оған сәйкес азаматтар бір уақытта жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша қызметтердің толық кешенін бір жерде ала алады.

Жобаның негізгі мақсаты- мемлекет пен тұрғындарды жер учаскелері, ғимараттар мен құрылыстар, коммуникациялар және олардың негізгі сипаттамалары туралы толық және заманауи ақпаратпен қамтамасыз ету.

2019 жылдың соңына дейін:

- Жобаның егжей-тегжейлі жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 9 БМЖК модульдерін / кіші жүйелерін дамыту;
- Мемлекеттік корпорациялық кадастрлық картаны құру (цифрлық);
- Қазақстан Республикасының бірыңғай мемлекеттік жылжымайтын мүлік кадастрын құру және жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2020 жылғы желтоқсанда БМЖК ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттарға сәйкес өнеркәсіптік пайдалануға енгізу жоспарлануда.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

17. МЕМЛЕКЕТТІК ТАПСЫРЫС БОЙЫНША ЖЕР-КАДАСТРЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы

Жер кадастры департаменті

259 бағдарламасының 100 "Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыру" кіші бағдарламасы шеңберінде орындалатын жер-кадастрлық жұмыстарды сүйемелдеу және орындау

2019 жыл

Шарт

Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару жөніндегі комитеті

*Іздестіру жұмыстарының көлемі 6 млрд 131 млн 593 мың теңге сомасын құрады, өткен жылмен салыстырғанда 1,5 есеге артты.

Жер-кадастрлық жұмыстарды кезең-кезеңмен қабылдау

1 кезең

1 млрд. 137 млн.611 мың теңге сомасына

2 кезең

2 млрд. 537 млн. 92,2 мың теңге сомасына

3 кезең

2 млрд 456 млн. 889,4 тыс. тенге сомасына

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

2017, 2018 жылдары 259 «Жер ресурстары туралы ақпараттардың қол жетімділігін арттыру» бюджеттік бағдарламасының 100 «Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін қалыптастыру» кіші бағдарламасы аясында Мемлекеттік корпорацияның филиалдарымен орындалған жұмыстар

№ п/п	Жұмыстардың атаулары	2017 жыл бойынша барлығы		2018 жыл бойынша барлығы	
		көлемі	құны, мың теңге	көлемі	құны, мың теңге
Топырақ-іздістіру жұмыстары бойынша					
1.	Топырақ зерттеулері	4500	1397070	7000,0	2325330,0
2.	Геоботаникалық зерттеулер	3800	325280	7300,0	668607,0
3.	Ауыл шаруашылық алқаптарының, топырақ және геоботаникалық контурлардың алаңдарын есептеу	1775,36	4971		
4.	Жерді мемлекеттік есепке алу	272490,2	25954	272490,2	25954,0
5.	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің топырақ бонитетін айқындау	3000	1084200	4081,2	1578217,0
6.	Шаруа қожалықтарының паспортын жасау	10000	263000	6000,0	168600,0
7.	Паспорт жасау мақсаттары үшін топырақ материалдарын жаңарту	650	201825	200,0	66438,0
8.	Паспорт жасау үшін топырақ бонитетін айқындау	580	209612	250,0	96675,0
9.	Жер мониторингін жүргізу	10000	86000	9350,0	86020,0
10.	Электрондық түрде топырақ карталарын жасау	4500	101025	7000,0	168140,0
11.	Электрондық түрд геоботаникалық карталарды жасау	3800	26258	7300,0	53947,0
	Іздестіру жұмыстары бойынша барлығы:		3725195,0		5237928
МЖК ААЖ желісі бойынша					
1.	Қалалар мен елді мекендер жерілерінде қалыптасқан есепті орамдардың электронды жер-кадастрлық карталарын жасау	75	197835	150,0	423372,0
2.	Мемлекеттік жеркадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (МЖК ААЖ) деректер базасын өзектендіру	150000	55005	140000,0	54936,0


III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.	Мемлекеттік жер кадастры мәліметтерін беру	530000	344235	495000,0	344025,0
4	МЖК ААЖ кіші жүйесін «Мұрағат» пайдалана отырып жер-кадастрлық істерді сканерлеу	195000	95589	136000,0	71332,0
ААЖ бойынша барлығы:			692664,0		893665,0
259 бағдарлама бойынша барлығы:			4417859,0		6131593,0

18. ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКKE ҚҰҚЫҚТАРДЫ ТІРКЕУ

Есепті жылы жылжымайтын мүлікке құқықтарды тіркеу саласында Мемлекеттік корпорацияның филиалдары 1,9 млн. қызмет (1 958 619 мемлекеттік қызмет), 2017 жылы – 2,0 млн. қызмет (2 047 071 мемлекеттік қызмет) көрсетті.

2018 ЖЫЛЫ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКKE ҚҰҚЫҚТАРДЫ ТІРКЕУ САЛАСЫНДА ФИЛИАЛДАР БӨЛІНІСІНДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ:




Барлығы, фронт-офистер арқылы өтінімдер саны – 1 396 903. электрондық түрде тіркелген құқықтар саны – 501 317;

Құқықтық кадастрдан – 60 399 (жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) және оның техникалық сипаттамалары туралы анықтамалар, жылжымайтын мүліктің жоқ (бар) екендігі туралы анықтамалар, тіркеу істерінен құжаттардың көшірмелері) ақпараттық қызмет көрсетілді.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

ФИЛИАЛДАР БӨЛІНІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ



19. ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Әлеуметтік салада мемлекеттік қызмет көрсету үшін мемлекеттік корпорация төлемдердің 44 түрі бойынша құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады (республикалық бюджеттен 39 төлем, «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры» АҚ-нан 5 төлем).

Өтінішті және қажетті құжаттарды қабылдау мемлекеттік корпорацияның фронт-офистерінде жүзеге асырылады.

Композиттік қызмет көрсету аясында Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон Комитетінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдеріне, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне өтініш беруге болады.

Электрондық үкімет порталында электрондық өтініш беру қарастырылған.

Есепті жылы барлығы 1,5 млн. (1 554 130) Мемлекеттік қызмет көрсетілді (2017 жылы – 1 553 787).

2018 жылы Мемлекет басшысының бастамаларын іске асыру шеңберінде 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдер қайта есептеу жүзеге асырылды – 6,2 млн.:

- Зейнетақы, базалық зейнетақы төлемі (БЗТ) – 4,2 млн (7%);
- Жәрдемақылар – 1,9 млн (5%);
- «ГФСС»- тен төленетін төлемдер – 0,2 млн (5%).

Базалық зейнетақы төлемін тағайындау әдістемесі 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап – 2,1 млн.

- 46,7% адам-БЗТ 100% ПМ (ең төменгі күнкөріс деңгейі);
- 43,2% адам- БЗТ 74% ПМ-дан жоғары (ең төменгі күнкөріс деңгейі);
- 10,1% адам- БЗТ 54%- дан 73%-ға дейін (күнкөріс минимумы).

БТЖ (бірыңғай жиынтық төлем) қабылдау және бөлу жүйесі енгізілді.


Белсенді қызмет көрсету іске асырылды:

- бала тууға байланысты – 104 мыңнан астам сұрау салу;
- Мемлекеттік кепілдік – 139,3 мың төлем;
- мүгедектікті анықтау – 387 қызмет пилоттық режимде.

Зейнетақы төлемдерін, БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік кепілдіктерді – 34,9 мың төлемдерді композиттік көрсету іске асырылды.


«Бала кезінен 1 топтағы кәмелетке толған мүгедектерді күту» қызметі іске қосылды - 13 мың жәрдемақы.

III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ



III ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ

АҚПАРАТТЫ КӨЗДЕРІ БӨЛІНІСІНДЕ КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕР БОЙЫНША АҚПАРАТ



